

"Пайдалы қазбаларды Барлауға және Өндіруге және жер қойнауын басқа мақсатта пайдалануға Геологиялық және/немесе Тау-кендік жер бөлігін беру тәртібі жөнінде" Нұсқауын бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі 2000 жылғы 16 ақпандағы N 74-П Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы 2000 жылғы 17 наурызда өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп тіркелді. Тіркеу N 1087. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2013 жылғы 18 сәуірдегі № 126 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 18.04.2013 № 126 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 1999 жылғы 21 шілдедегі "Қазақстан Республикасында пайдалы қазбалар кен орындарын игеру кезінде жер қойнауын қорғаудың бірыңғай Ережелерін" іске асыру мақсатында **Бұйырамын:**

1. "Пайдалы қазбаларды Барлауға және Өндіруге және жер қойнауын басқа мақсатта пайдалануға Геологиялық және/немесе Тау-кендік жер бөлігін беру тәртібі жөнінде" Нұсқауы бекітілсін.

2. "Пайдалы қазбаларды Барлауға және Өндіруге және жер қойнауын басқа мақсатта пайдалануға Геологиялық және/немесе Тау-кендік жер бөлігін беру тәртібі жөнінде" Нұсқауы оны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеген күннен бастап күшіне енеді.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

"Келісілген"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар жөніндегі
агенттігінің Төрағасы

16.02.2000 ж.

Бекітілген

Қазақстан Республикасының
Табиғи ресурстар және қоршаған
ортаны қорғау министрінің
міндетін атқарушының

16.02.2000 ж. N 74-П бұйрығымен

Жер қойнауын барлауға және пайдалы қазбаларды өндіруге және басқа мақсаттарға пайдалануға Геологиялық және/немесе Тау-кендік жер бөліктерін беру тәртібі туралы Нұсқау

1. Жалпы ережелер

1. Осы нұсқау Қазақстан Республикасының Президентінің Заң ретінде күші бар 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 U962828_ "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану жөнінде", 1995 жылғы 28 маусымдағы N 2350 U952350_ "Мұнай жөнінде" Жарлықтарына, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 тамыздағы N 467-1 ҚРЗ "Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану мәселелері және мұнай операцияларын жүргізу жөніндегі кейбір Заңды актілеріне өзгертулер және толықтырулар енгізу туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының Үкіметінің 1999 жылғы 21 шілдедегі N 1019 P991019_ Қаулысымен бекітілген пайдалы қазбалар кен орындарын игеру кезінде жер қойнауын қорғаудың бірыңғай ережелерінің /ЖҚҚБЕ/ талаптарына сәйкес ж а с а л ғ а н .

Z 1 0 0 2 9 1

қ а р а ң ы з

Нұсқау барлау үшін Геологиялық жер бөліктерін, пайдалы қазбаларды өндіруге және пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты емес жер асты ғимараттарын салуға және пайдалануға, сонымен қоса мұнайды, газды және басқа заттарды және материалдарды жер астында сақтауға, жер қойнауына зиянды заттарды, радиобелсенді қалдықтарды көмуге және қалдық суларды ағызуға Тау-кендік жер бөліктерін берудің бірыңғай тәртібін белгілейді.

2. Геологиялық жер бөлігі - келісім-шарттың бөлінбейтін бөлігі болып табылатын, жер қойнауын пайдаланушы барлауды жүргізуге құқықты жер қойнауы телімін сызбаша және жазбаша сипаттайтын барлау, біріктірілген барлау және өндіру Келісім-шартына қосымшасы.

3. Тау-кендік жер бөлігі - Келісім-шарттың бөлінбейтін бөлігі болып табылатын, сервитут рәсімделген жағдайда жеке құжат болып табылатын, жер қойнауын пайдаланушыға өндіруді, барлаумен және/немесе өндірумен байланысты емес жер асты ғимараттарын салуға немесе сервитутты іске асыруға бөлінген жер қойнауы телімдерін сызбаша және жазбаша сипаттайтын өндіру, барлау және/немесе өндірумен байланысты емес жер асты ғимараттарын салуға және/немесе пайдалануға жасалған Келісім-шарттарының қосымшасы.

4. Пайдаланылатын Геологиялық және/немесе Тау-кендік жер бөлігінің шегінен тыс орналасқан жер қойнауы телімдерін оларға қосу, жаңа Геологиялық

және/немесе Тау-кендік жер бөлігін алуға белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

5. Пайдалы қазбаларды өндіруді жүргізетін жер қойнауын пайдаланушы игерілген тау-кен қазылымдарын немесе жер қойнауы бөлігін жер асты ғимараттарын салуға, немесе тау-кен қазылымдарында пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты емес объектілерді орналастыруға пайдалануға шешім қабылдаса, онда пайдалы қазбаларды өндіруге Тау-кендік жер бөлігі бар екенінен тәуелсіз, ол бұл жұмыстарды бастаудан бұрын осы Нұсқауға сәйкес пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты емес мақсатқа Тау-кендік жер бөлігін алуға м і н д е т т і .

6. Пайдалы қазбалар орналасқан алаңда немесе бұрын тау-кенқазылымдарымен игерілген тау-жыныстары қабаттарында жер асты ғимараттарын салуға Тау-кендік жер бөлігін алудан бұрын жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын қорғаудың және пайдаланудың аймақтық мемлекеттік басқармасынан құрылыс алаңының жағдайы жөнінде тұжырым алуы міндетті.

2. ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ БАРЛАУҒА ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖЕР БӨЛКТЕРІНІҢ ЖОБАЛАРЫНА НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

7. Геологиялық жер бөлігін алу өтінішінде келесі мәліметтер болуы міндетті:

- сұралынған аумақтың болашағы жөнінде қысқаша геологиялық сипаттама;
- бұрыштық нүктелердің географиялық координаттары және Геологиялық жер бөлігінің жалпы ауданы;
- Геологиялық жер бөлігінің көрнектілігін қамтамасыз ететін масштабтағы картограмма.

3. ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ӨНДІРУГЕ ТАУ-КЕНДІК ЖЕР БӨЛКТЕРІНІҢ ЖОБАСЫНА НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

8. Жер қойнауын пайдаланушыға өндіруге Тау-кендік жер бөлігі пайдалы қазба кен орнының толық аумағына немесе оның бөлігіне беріледі.

Аумағы үлкен немесе бірнеше жеке пайдалы қазбалар жатқанынан құралған кен орнын игергенде Тау-кендік жер бөліктері бірнеше жер қойнауын пайдаланушыларға берілуі мүмкін.

9. Берік пайдалы қазбаларды өндіруге берілген Тау-кендік жер бөлігінің шектері, тау жыныстарының ығысу зонасын, кеніш кемері аумағын және жер асты тау-кен қазылымдарының таралу шектерін ескере отырып, бекітілген

қорлар шегімен анықталады.

10. Техногендік минералдық түзілімдерді /қождар, кондициядан тыс рудалар үйінділері, байыту қалдықтары т.б./ өндіруге Тау-кендік жер бөлігінің шектері маркшейдерлік жоба негізінде анықталады.

Байыту фабрикаларының тұнбаларында жинақталған техногендік минералдық түзілімдердің Тау-кендік жер бөлігінің шектерін анықтағанда, Тау-кендік жер бөлігінің шегі жер-асты суларының ластануына бақылау үшін пайдаланылатын гидрогеологиялық ұңғыларды қоса анықталуға міндетті.

11. Мұнай және газ кен орындарының Тау-кендік жер бөлігінің шектері мемлекеттік баланста тұрған қорлардың шегімен анықталады.

Егер өндіру шек сыртына су толтыруды қолдану арқылы жүргізілсе, Тау-кендік жер бөлігінің шегі шек сыртындағы су толтыру ұңғыларының шегімен белгіленеді.

Бір өнеркәсіптік алаңда мұнай және газ деңгейлерін екі немесе одан да көп жер қойнауын пайдаланушылармен игеру жүргізген жағдайда, осы Нұсқаумен белгіленген тәртіппен екі немесе одан да көп Тау-кендік жер бөліктері рәсімделуі міндетті.

12. Жер астында газдандыру тәсілімен игеріліп жатқан көмір кен орындарында көмірді өндіруге Тау-кендік жер бөлігін беру, сонымен қоса ашық немесе жер асты тәсілдерімен игеріліп жатқан кен орындарында жер астында газдандыруға Тау-кендік жер бөліктерін беру, тек қана арнайы жобалық жұмыстар жасалған және жер астында газдандыру станциялары ауданында тау-кендік жұмыстардың қауіпсіздігі және газдандырудың көрші пайдалы қазбалар кен орындарына зиянды әсерінің жоқтығына сараптамалық тұжырым болғанда ғана беріледі.

13. Минералдық-шипалық сулар, шипалық лайлар және шаруашылықтың ауыз-сулық сумен қамтамасыз етуге және суландыруға пайдаланылатын кен орындарындағы су алғыш құрылымдардың Тау-кендік жер бөліктерінің шектері Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қызметімен келісімделген су көздерін игеру жобасында белгіленген санитарлық қорғандық зона шегіне сәйкес болуы міндетті.

14. Тау-кендік жер бөлігі шегіне кірген, жер қойнауын пайдаланушының әрекеті әсерінде дара игеруге жарамсыз жағдайға келген баланстық қорлар /желілер, жатқындар/, жер қойнауын пайдаланушылармен жер қойнауын пайдалану төлемдерімен қоса өтелуге міндетті.

15. Пайдалы қазбалар кен орнын немесе оның бөлігін өндіруге Тау-кендік жер бөлігі, негізгі және онымен бірге орналасқан пайдалы қазбалардың және олардағы компоненттердің қорлары "Жер қойнауы және жер қойнауын

пайдалану жөнінде", "Мұнай туралы" Жарлықтарға және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес бекітілген жағдайда беріледі.

4. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ӨНДІРУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС МАҚСАТТА ПАЙДАЛАНУҒА ТАУ-КЕНДІК ЖЕР БӨЛІГІ ЖОБАЛАРЫНА НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

16. Тау-кендік жер бөлігі тек қана геологиялық құрылымы, тау-кендік техникалық және гидрогеологиялық жағдайлары қажет дәлдікпен зерттелген, жақын орналасқан пайдалы қазбалар кен орындарын игеруді күрделендірмейтін, жер қойнауына көмілген зиянды заттар мен өндіріс қалдықтарының таралуына жол бермейтін жер қойнауы бөліктеріне беріледі.

17. Тау-кендік жер бөліктерінің шектері жобаланған жер асты ғимараттарының тау жыныстарының ығысу және опырылу зоналарын, сонымен қоса бұл ғимараттарды қалыпты пайдалануды қамтамасыз ететін қорғандық және барьерлік кен діңгектерді, санитарлық зоналарды және объектіні пайдалану кезіндегі мүмкін экологиялық әсерді ескерген, техникалық шекпен анықталады.

Зиянды заттарды, өндіріс қалдықтарын көмгенде және қалдық суларды ағызғанда, Тау-кендік жер бөліктерінің шектері оларды белгіленген шекте оқшаулау қамтамасыз етілетін жер қойнауы бөлігімен анықталады.

18. Пайдалы қазбаларды өндіруге жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың пайдаланылған тау-кен қазылымдарын пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты емес ғимараттар салуға және пайдалануға Тау-кендік жер бөлігін беру тек қана пайдаланылатын ғимараттар мен игерілген кен орындарының өзара зиянды әсері болмаса ғана беріледі.

5. ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ӨНДІРУГЕ ТАУ-КЕНДІК ЖЕР БӨЛІГІНІҢ ЖОБАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

19. Тау-кендік жер бөлігінің жобасы түсініктеме жазбасынан және сызбалық құжаттардан құралы міндетті.

Түсініктеме жазбасында Тау-кендік жер бөлігінің қандай мақсатқа сұранылатыны, сонымен қоса келесі мәселелер көрсетіледі:

- Тау-кендік жер бөлігі жобасын жасаған ұйымның атауы;
- сұралынған Тау-кендік жер бөлігінің аумағының жалпы мәліметтері / географиялық және әкімшілік орналасуы, алаң көлемі, ауыл шаруашылықтық және орман жерлерінің сипаттамасы, құрылыстар, пайдалану т.б./;

- кен орнының қысқаша геологиялық сипаттамасы /қабаттардың, руданың көлемі және құлау элементтері т.б./, геологиялық құрылымы, тау-кендік техникалық және гидрогеологиялық жағдайлары, іргелес тау-кендік жер бөліктері жөнінде жалпылама мәліметтер;

- кен орнының барлану дәрежесі, негізгі және онымен бірге орналасқан пайдалы қазбалардың бекітілген қорларының мөлшері, сапасы жөнінде /әрбір жатқынға, қабатқа, желіге жеке-жеке/, кен орны ашық игерілген кезде аршу жыныстары жөнінде мәліметтер;

- Тау-кендік жер бөлігінің шектерін есептеу және бұрыштық нүктелердің географиялық координаттары;

- игеру тереңдігі;

- Тау-кендік жер бөлігінің орналасуының көрнектілікті қамтамасыз ететін масштабтағы картограммасы.

Түсініктеме жазбасы оны ұзақ мерзімге сақтауды қамтамасыз ететін түптемемен тапсырылады.

Сызбалық материалдар ситуациялық /шолыма/ картадан, жер бетінің топографиялық пішінінен, геологиялық карталардан және қималардан құралуы міндетті.

Жер бетінің топографиялық пішінінде келесі мәліметтер көрсетілуі міндетті:

- жер бетінің рельефі және тұрақты геодезиялық жүйенің пункттері, орман және ауыл шаруашылық жерлерінің шектері, кен орны аумағында және оған жақын орналасқан құрылыстар, ғимараттар, бұрыштық нүктелері көрсетілген сұранылған Тау-кендік жер бөліктерінің шектері, су объектілері, жер беті және жер асты коммуникациялары, тау-кен қазылымдарының және барлау ұңғыларының ернеулері, пайдалы қазбалар жатқындарының жер бетіне немесе көмбелер астына шығуы, бекітілген қорлардың шегі.

Топографиялық пішіннің бос бөлігінде тау-кендік жер бөлігінің ауданының /км²/ жазық беткейге кескіндемесі, бұрыштық нүктелердің географиялық координаттарының мағынасы, игеру тереңдігі /абсолюттік белгі немесе геологиялық немесе стратиграфиялық шегі/, кен орнының географиялық координаттары, пішінді толтыру күні көрсетіледі.

Топографиялық пішіннің масштабы пайдалы қазбаларды өндіруге немесе басқа мақсаттарға пайдалануға белгіленген жер қойнауы көлеміне байланысты, онда техникалық мәселелерді және Тау-кендік жер бөлігінің шектерін анықтау есептерін айтарлықтай дәлдікпен шешуге мүмкіндік беретіндей масштабта қабылданады.

Тау-кендік жер бөлігін алуға тапсырылған топографиялық пішіннің бір данасы бұрыштаманың, мөрдің тұрақтылығын және ұзақ мерзімді сақтауды қамтамасыз ететін полотнолық калькіде, лавсанда немесе басқа материалдарда

Геологиялық карталарда және қималарда: кен орнының және оған жақын аумақтың геологиялық құрылымы, пайдалы қазбалардың жатқындарының шегі, олардың жер бетіне немесе көмбелер астына шығуы, тектоникалық бұзылымдар, пайдалануға жарамсыз үзілу, сүйірлену орындары және басқа да телімдері; кен орнының және оған жақын аумақтың гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық жағдайлары; сұранылған Тау-кендік жер бөлігінде пайдалы қазбалар қорларын және тереңдікке есептеу шектері көрсетілуі міндетті.

20. Көмірді өндіруге Тау-кендік жер бөлігінің жобасындағы геологиялық қималарда Тау-кендік жер бөлігінің жобаланған шегі бейнеленген барлық барланған қабаттар көрсетілуі міндетті.

Екі және одан да көп қабаттардан құралатын көмірді өндіруге Тау-кендік жер бөлігінің шегі, ығысу бұрышын ескере отырып, ең шеткі бұрыштық нүктелердің топографиялық пішіндегі кескіндемелері арқылы анықталады.

21. Мұнайды және газды өндіруге Тау-кендік жер бөлігі жобасында геологиялық карта орнына, қажет дәлдікпен техникалық міндеттерді және Тау-кендік жер бөлігі шектерін анықтау есептерін жүргізуге мүмкін масштабта қорлар шегі көрсетілген әрбір өнеркәсіптік мұнай немесе газ деңгейлерінің құрылымдық картасы берілуі, сонымен қоса өнімді свиталар мен деңгейлердің орналасу тереңдігі көрсетілген, құрылымдық картамен сәйкестелген геологиялық қималар берілуі міндетті.

22. Пайдалы қазбаларды геологиялық-технологиялық және басқа қалыптаспаған тәсілдермен /жер астында еріту, күкіртті жер астында еріту т.б./ өндіргенде осы нұсқаудың 19-тармағындағы талаптарға қосымша, Тау-кендік жер телімінің жобасында, орналасқан жыныстардың, үстіңгі және табандағы қабаттардың су өткізгіштік қасиеттері, басқа сулы қабаттардан оқшаулануы жөнінде қысқаша сипаттамалары, сонымен қоса жер астында ерітуге қолданылатын реагенттердің және алынатын технологиялық ерітінділердің сипаттамалары берілуі міндетті.

23. Минералдық шипалық суларды /лайларды/ өндіруге Тау-кендік жер бөлігін алу үшін осы Нұсқаудың 19-тармағында көрсетілген талаптарға қосымша келесі мәліметтер беріледі:

кен орындарын техникалық және экономикалық ұтымды игеруді, оларды сарқылудан, ластанудан сақтауға, құрамының және минералдық сулардың шипалық қасиеттерінің нашарламауына кепілдік беретін мақсатында жасалған, гидрогеологиялық негізделген өндірудің технологиялық пішіні. Минералды сулар кен орындарын игерудің технологиялық пішіні Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің және Қазақстан

Республикасының Денсаулық сақтау, мәдениет және спорт Министрлігінің жергілікті органдарымен келісімдеу арқылы жер қойнауын пайдаланудың және қорғаудың аумақтық мемлекеттік органдарымен бекітіледі.

24. Пайдалы қазбаларды өндіруге Тау-кендік жер бөлігі жобасына келесі мәліметтер қоса берілуі міндетті:

- пайдалы қазбалар қорларын бекіту жөніндегі және ұсыныстар жасалған қорлар жөніндегі Мемлекеттік комиссияның /қорлар жөніндегі Аумақтық комиссияның/ хаттамасының көшірмесі;

- Тау-кендік жер бөлігі шегіндегі қорлар жөнінде Қорлар жөніндегі Мемлекеттік комиссияның сараптамалық тұжырымы және жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі аумақтық мемлекеттік органның Тау-кендік жер бөлігі шегіндегі қорлардың саны және сапасы, сонымен қоса жобамен ескерілген пайдалы қазбалар кен орнын толық және жан-жақты пайдалану жөніндегі тұжырымы;

- өндірудің жер беті суларына, ішкі су қоймаларының акваториясына, теңіз жағалауы зоналарына әсері болған жағдайда, - жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі Мемлекеттік орган берген суды арнайы пайдалануға рұқсаты;

- Тау-кендік жер бөлігінің жобасы арнайы мамандандырылған жобалау ұйымымен жасалып, оның басшысымен бекітіледі, немесе жобалау жұмыстарына лицензиясы бар ұйыммен /лицензияның рет санын көрсету арқылы/ жасалып, жер қойнауын пайдаланушымен бекітіледі.

6. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ӨНДІРУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС МАҚСАТҚА ПАЙДАЛАНУҒА ТАУ-КЕНДІК ЖЕР БӨЛІГІ ЖОБАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

25. Жер қойнауын пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты емес мақсатқа пайдалануға Тау-кендік жер бөлігі жобасында осы Нұсқаудың 19-тармағында көрсетілген талаптарға қосымша келесі мәліметтер болуы міндетті:

- сұралынған Тау-кендік жер бөлігі үстіндегі аумақ жөнінде жалпы мәліметтер;

- жер асты ғимараттарын салу жобаланған жердегі пайдалы қазбалар кен орындары, сонымен қоса тау-кендік жұмыстар және пайдалы қазбаларды өндіруге және пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты емес мақсаттарға берілген Тау-кендік жер бөліктері жөніндегі мәліметтер. Егер Тау-кендік жер бөлігі - жойылған, консервацияланған, немесе пайдалы қазбаларды өндіріп жатқан ұйымдардың пайдаланылған тау-кен қазылымдарын пайдалану үшін

сұралынған болса, қосымша бұл ұйым жайында қысқаша мәліметтер, сонымен қоса кен орнын аршу пішіні және игеру жүйесі, пайдалануға жататын тау-кен қазылымдары және бұрғылау ұнғылары жөнінде қысқаша мәліметтер беріледі;

- Тау-кендік жер бөлігінің аумақтық және тік деңгейлік шегін Тау-кендік жер бөлігіне кіретін жер асты кеңістігін анықтау арқылы негіздеу және аумағын е с е п т е у .

26. Зиянды заттарды, радиобелсенді қалдықтарды және қалдық суларды жер қойнауына көмуге Тау-кендік жер бөлігін алу үшін қосымша келесі мәліметтер б о л у ы қ а ж е т :

- өнімнің атауы, өнім туындайтын технологиялық өндіріс немесе процесстер, оның сипаттамасы /толық химиялық құрамы, улы компоненттердің мөлшері, өрт-қопарылыс қауіптілігі, ерігіштігі, сақтағанда басқа заттармен сиысуы/, тасымалдау жүйесінің сипаттамасы.

27. Мұнайды, газды және басқа заттар мен материалдарды жер астында сақтауға, зиянды заттарды, радиобелсенді қалдықтарды, қалдық суларды және өндіріс қалдықтарын жер астына көмуге Тау-кендік жер бөлігі жобасында осы Нұсқаудың 19-тармағында келтірілгендерге қосымша, аталған мақсаттарда пайдалануға жобаланған деңгейдің төбесі мен табанының құрылымдық карталары болуы міндетті. Топографиялық пішіннің көшірмесінде пайдалы қазбалар кен орындарының шегі көрсетілуі міндетті.

28. Пайдаланылған, жойылған, консервацияланған немесе пайдалы қазбаларды өндіріп жатқан кәсіпорындардың тау-кен қазылымдарын пайдалануға Тау-кендік жер бөліктерінің жобасына қосымша бұл кәсіпорындардың тау-кендік қазылымдарының пішіні беріледі де, онда пайдалануға жобаланған қазылымдар кө р с е т і л е д і .

29. Жер қойнауын пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты емес мақсаттарға пайдалануға Тау-кендік жер бөлігі жобасына, осы Нұсқаудың 19-тармағының талаптарына қосымша келесі құжаттар беріледі:

- жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі аумақтық мемлекеттік органның сұранылған Тау-кендік жер бөлігі шегінде жер қойнауын пайдаланудың тау-кендік-геологиялық жағдайлары жөнінде тұжырымы;

- жобалау ұйымдарының пайдаланылған тау-кен қазылымдарының пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты емес мақсаттарға пайдалануға жарамдылығы туралы, зиянды заттарды, өндіріс қалдықтарын және қалдық суларды залалсыздандыруға техникалық мүмкіндік жоқтығы, сонымен қоса зиянды заттардың, өндіріс қалдықтарының немесе қалдық сулардың қоршаған тау жыныстарымен және ағызу немесе көму жобаланған деңгейлердің қабаттық суларымен үйлестілігі жөнінде тұжырымы;

- Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің

және жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі аумақтық мемлекеттік
о р г а н ы н ы ң т ұ ж ы р ы м ы ;

- Пайдалы қазбаларды өндіруге Тау-кендік жер бөлігі иелігіндегі немесе консервацияланған қазылымдар иелігіндегі ұйымның пайдаланылған тау-кен қазылымдарын басқа жер қойнауын пайдаланушыға пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты емес мақсатта пайдалануға беруге келісімі.

7. ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ТАУ-КЕНДІК ЖЕР БӨЛІКТЕРІН БЕРУ ТӘРТІБІ

30. Геологиялық және/немесе Тау-кендік жер бөлігін алуға мүдделі жер қойнауын пайдаланушы сұранымын жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органға тапсырады.

31. Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік орган Тау-кендік жер бөлігін беру мәселесін қарағанда:

- өтінішті және оған қосымша құжаттарды қарастыруға, Тау-кендік жер бөлігі жобасын сараптаудан өткізуге /қажет болған жағдайларда-тәуелсіз сараптамадан/ және қырық бес күн мерзімінде өз шешімін беруге міндетті. Тәуелсіз сараптама жүргізген жағдайда шығынды жер қойнауын пайдаланушы өткереді.

32. Тау-кендік жер бөліктері жобалары осы Нұсқаудың талаптарына сай болмаған жағдайда, жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік орган, жер қойнауын пайдаланушыны жазбаша мәлімдегеннен кейін, Тау-кендік жер бөлігі жобасын толықтыруға қайтаруға құқықты.

8. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАРМЕН ОСЫ НҰСҚАУДЫҢ ТАЛАПТАРЫНЫҢ ОРЫНДАУЫН ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОНЫ ОРЫНДАМАҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

33. Осы Нұсқаумен белгіленген Тау-кендік жер бөліктерін рәсімдеу тәртібін сақтауға жауапкершілік жер қойнауын пайдаланушыға жүктеледі.

34. Геологиялық және/немесе Тау-кендік жер бөлігі шегінде жерқойнауын пайдалану жұмыстарын жүргізгенде жер қойнауы жөніндегі заңдардың талаптарының орындауына бақылауды жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі аумақтық мемлекеттік органдар атқарады.